

АЛҒЫС СӨЗ

Ханкелді ӘБЖАНОВ,

тарих ғылымдарының докторы,

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылымдар Академиясының академигі

Алматы қ., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ АҚИҚАТЫ

XX ғасыр басында Ресей империясында орын алған түбегейлі өзгерістер, ұлт-азаттық күресі мен Алаш қозғалысы, алпауыт мемлекеттер мен отар елдер арасындағы асқынған қайшылықтар Ұлы даланың интеллектуалды тарихын бұрын-соңды болмаған биік деңгейге көтерді. Тарих сахнасына туған халқының ғана емес, жеті жұрттың қамын жеген тұлғалар көтерілді. Осы жұлдызды шоғырда ерекше көзге түскен топжарғандардың бірегейі Тұрар Рысқұлов еді.

Қысқа ғұмырында ол бірнеше рет ашаршылық қасіретімен бетпе-бет келді. Әсіресе, қазақты халық ретінде жойып жіберуге шақ қалған 1931-1933 жылдарғы ашаршылық тұсында кімнің дос, кімнің қас екені анық көрінді. Сын-қатер Тұрардың көрегендік, қайраткерлік, жасампаздық, қасиетін, қайтпас қайсар мінезін ашты.

Ал 1932/1933 жылдары Сталинге, Молотовқа, Кагановичке, Мирзоянға т.б. кеңес басшыларына жолдаған хаттары мен қызметтік жазбаларының танымдық, ақпараттық, ғылыми маңызы зор.

Біріншіден, бұл құжаттардан 30-шы жылдар басындағы ашаршылықтың бастаулары экономикалық, бірінші кезекте аграрлық саясаттағы қателіктерде жатқаны бұлтартпас деректермен дәйектелген. 1932 жылғы 29 қыркүйекте Сталинге хатында көрсетілгендей, 1928-1932 жылдар аралығында Қазақстандағы мал басы 83%, оның ішінде қой 88 пайызға, сиыр 86 пайызға азайған екен. Бәрінен қазақтарға ауыр тиді. Бірінші бесжылдық басталғанда елдегі малдың 80 пайызы қазақтарға тиесілі болса, 1932 жылы осынау көрсеткіш 28 пайызға дейін төмендепті. Күштеп ұжымдастыру нәубеті осындай болды. «Это сокращение связано, дейді Т. Рысқұлов Сталинге хатында, было, наряду со злостным убоем скота баями, с перегибами и, в том числе с перегибами по коллективизации».

Екіншіден, ашаршылықтың қашан басталғанын нақты көрсеткен. 1933 жылғы наурызда Сталинге, басқа да Мәскеу басшыларына жолдаған екінші хатында қазақтардың басқа ауданға немесе республикадан тыс өңірлерге жаппай көшуі 1931 жылы басталғаны айтылады. Т. Рысқұловтың мәліметінше, 1933 жыл басында орта Волга аумағына босқан қазақтар 40 мың, Қырғызстанға ауғандар - 100 мың, Батыс Сібірдегілер - 50 мың, Қарақалпақтағылар - 20 мың екен. Тіпті, қалмаққа, Солтүстік өңірге, Қытайға

ауғандар бар екені айтылады. Жекелеген аудандардан халықтың 40-50 пайызы көшіп кетіпті. Басты себеп ашаршылық еді. Хат орыс тілінде жазылғандықтан түпнұсқада былай делінеді: «Это не просто кочевание (которое обычно происходит летом на небольшое расстояние и при наличии скота), а в значительной части бегство голодных людей в поисках пропитания».

Үшіншіден, ашаршылықтың себеп-салдарын тереңінен талдай отырып, Т. Рысқұлов алдымен қазақ халқының, содан кейін Кеңестер Одағының болашағын дөп басып болжады. Балалар өлімінің өскенін, панасыз балалар тым көп екенін айтқанынан күні бүгінгі дейін зардабы жойылмаған қазақ трагедиясын байқауымыз керек. Балалар өлімін қозғағанда халықаралық Қызыл Крест ұйымының мәліметіне басымдық береді. Оның ресми құжатындағы мынадай сөздерге басымдық береді: “Детское население в возрасте до 4-х лет вымерло поголовно, если оно осталось без родителей”.

Ал кеңес елінің болашағы баянсыз екенін қайдан білді десеңіз, ол ұлт мәселесі шешілмей жатқанын, жемқорлықтың тыйылмағанын алға тартумен түсіндірілгені. Ақиқатына келсек, Кеңестер одағы ұлттық қайшылықтар асқынғандықтан мемлекеттің байлығы жаппай талан-таражға түскендіктен 1991 жылы ыдырады. Осынау дерттің Рысқұлов заманындағы жай-күйі, сорақы көріністері мен мысалдары Сталинге екінші хаттың “Об искривлениях национальной политики в отношении откочевников и казработных” делінген 6-шы тараушасында егжей-тегжейлі баяндалған. Тараушаның көлемі 7 бетке жуық сол себепті шағын ғана үзінді келтіргенді жөн санадық. «Махровый шовинизм», делінген хатта, «и игнорирование интересов окружающего казахского населения проявляется со стороны целого ряда совхозов (особенно животноводческих), где руководство их сильно засорено кулацко-вредительскими элементами. Вместо ведущей роли в помощи населению некоторые совхозы показывают образцы безхозяйственности и проявляют великодержавный шовинизм». Мұндағы «кулацко-вредительские элементы» түсінігін орыстар деп ұқсақ қателеспейміз. Өйткені қазақта кулак болған жоқ. Ал «образцы безхозяйственности» сөзінің астарында жемқорлық жатыр.

Қазақ аштықтан шыбындай қырылып жатқанда Кремль билеушілері өз мүдделерін қуып кетті. Кімнің дос кімнің қас, кімге мал қайғы, кімге жан қайғы екенін жасырмады. 1932 жылғы 17 қыркүйекте ВКП (б) Орталық комитеті «Қазақстанның ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы туралы» қаулы қабылдап, гуманитарлық апатты мезеттік аграрлық қиыншылықтармен бүркемелей салды. Оған жауаптылар аудан, әрі кетсе облыс деңгейіндегі мекемелер ғана болып шықты. Партиялық басшылықтың қылмысы туралы бір ауыз сөз жоқ. Әрине Т. Рысқұловтың құжаттары да осы сарында жазылды. Оның батыра айтқаны жергілікті жерлерде партиялық шешімнің толыққанды жүзеге аспай жатқаны. Бұл бұрмалауда Голощекиннің де кінәсі бар екенін жанамалап сынай алғаны.

Шындықтың көзіне тура қарау керек. Бүгінгі қоғамдық санада Қазақстандағы ашаршылық қасіретін әшкерелеген Т. Рысқұлов деген пікір

басымдыққа ие. Менің ойымша, бұл дұрыс емес. Затты өз атымен атаған субъект-қарапайым халық. 1929-1931 жылдары Ұлы далада жүздеген халық көтерілістері өтті. Миссиясы бойынша олар ұлт-азаттық қозғалысы, мақсаты - тоталитаризм туындатқан апаттан қазақ халқын сақтап қалу. Нәтижесі - ұлттық дербестік пен мемлекеттік тәуелсіздікті жақындатқаны еді. Ал Т. Рысқұловтың еңбегі неде десек, ол - ақыл-ойын, күш-қайратын халқының игілігіне жұмсағаны.

Т. Рысқұлов басын бәйгеге тігіп Сталинді ақылға шақырып, ащы да болса ақиқатты айтып шырылдағанда халықтар көсемі де, ол құрған жүйе де міз бақпады. 1932 жылғы 16 қазанда ВКП (б) Орталық комитеті Саяси бюросының шешімімен 11 мың пұт астық экспортқа шығарылатын болды. Тапсрыма орындалды. Қара бидайды экспорттаумен айналысқан одақтық чиновник сол жылдары патриоттық сезімі өсіп, Мәскеудегі бастығына: «Пусть знает иностранный пролетариат, какой продукции добилось колхозное производство», деп жазыпты. Қазақ қасіретінен хабардар жан бұлайша жазбас еді.

Ашаршылық тұсындағы адам шығынын азайта көрсету әлі күнге дейін Ресей ғалымдарына тән. Өкінішке орай, араларында қазақстандық әріптестеріміз де бар. Мәселен, 2012 жылы Мәскеуде 3 томдық «Голод в СССР. 1929-1934» кітабы жарыққа шықты. Осының 2-томында «Массовый голод и действия власти в условиях трагедии» тақырыбымен Қазақстанға қатысты 25 құжат беріліпті. Бұларда 1932-1933 жылдың ортасына дейін ауыл-селоларымызда 20 мыңдай адамның аштықтан өлгені көрсетілген. Әрине, ақиқаттан мүлде алыс ақпарат. Т. Рысқұловтың мәліметінше, 1930-1932 жылдар ішінде жалғыз Ақтөбе облысының халқы 1 млн 725 мыңға дейін аштықтан азайған екен. Жан шошырлық басқа да статистика бар.

Біз Т. Рысқұловты асыра мақтайық деп отырған жоқпыз. Қайта сынауы жетпей тұр. Мысалы, Сталинге алғашқы хат 1932 жылғы 29 қыркүйекте жазылды. Бұған дейін қазақ трагедиясы негізінен аяқталған еді. Демек, көмекке кешіккен Т. Рысқұлов болып тұр.

Алайда, өзінің мүлт кеткенін түсінбесе Т. Рысқұлов Рысқұлов болмас еді. Жазғандарының бірінде Қазақстандағы жағдайдан алыс болғанын. Мұнда қысқа мерзім ғана еңбек еткенін, Голощекинмен қарым-қатынасы жарасымды еместігін, Қазақстанның ішкі ісіне араласпағанын жасырусыз айтады. Бәрі рас. Егер өмір жолы сәл ұзақтау болғанда, ашаршылық тақырыбына қайта оралатыны сөзсіз еді. Бірақ бәрі басқаша болып шықты. Тұлғаның атқарылмаған борышын тәуелсіз Қазақстан ғалымдары атқаратынына сенемін.

2024 жылы 15-16 қараша күндері Түркістан қ., әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен «Тұрар және Түркістан идеясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында Пленарлық мәжілісінде баяндамасын